**ПОРТАЛДА ТІРКЕЛУ 01.04.2023 - 09.04.2023 АРАЛАҒЫНДА АШЫҚ.**

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің қашықтықтан өтетін олимпиадаларына қатысу үшін үш кезеңді орындау керек:



1. Қашықтықтан оқыту порталында https://md.ksu.edu.kz/ **01.04.2023 мен 09.04.2023** аралығында тіркелу
2. Қатысқыңыз келетін олимпиада парақшасына өз бетіңізше жазылу
3. Олимпиада бағдарламасымен танысып, белгіленген уақытта тиісті кезеңнің тапсырмаларын орындау.

## 1. Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚӨУ қашықтықтан оқыту порталында қалай тіркелуге болады

1. http://md.ksu.edu.kz/ мекенжайы бойынша қашықтықтан оқыту порталына өтіп, жоғарғы оң жақ бұрыштағы «Кіру/Вход» түймесін басыңыз.




2. Ашылған терезеде «Оқытылатынның тіркелгісін жасау/ Создать учетную запись» сілтемесін басыңыз



3. «Жаңа тіркелгі/ Новая учетная запись» пішінінде өзіңіздің мәліметтеріңізді мұқият толтырыңыз. Латын әріптері мен сандарын пайдаланып жеке Логин мен Құпия сөзді (Пароль) жасаңыз. Назар аударыңыз! **Құпия сөз кемінде 4 таңбадан, оның ішінде кемінде 1 саннан тұруы керек.**

Тіркеу пішініндегі барлық бөлімдерді толтырыңыз (**үлгі төмендегі суретте көрсетілген**).

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Other fields – Студент туралы ақпарат** бөліміне өз мектебіңіз туралы мәліметтерді, олимпиада командасының мектеп жетекшісінің аты-жөнін жазыңыз. **(Бұл ақпарат олимпиадаға қатысу сертификатын немесе олимпиада жүлдесін алу үшін қажет).**



4. Егер сіз бөлімдерді дұрыс толтырып, «Сохранить» түймесін басқан болсаңыз, онда сіз көрсеткен электрондық e-mail пошта мекенжайына тіркеуді растау сілтемесі бар электрондық хат жіберіледі. Электрондық пошта жәшігіне өтіп, келген хатты ашыңыз және тіркеуіңізді растаңыз. **Егер электронды поштаңызға хат келмесе, онда қайтадан тіркелудің қажеті жоқ. Бірден 8-747-308-29-44 нөміріне келесі хабарламаны жіберіңіз**: Сәлеметсіз бе! Мен (аты жөніңізді толығымен жазыңыз) олимпиады қатысушысымын, маған логин мен паролді беріңізші.

**ТОЛЫҚ МӘЛИМЕТІҢІЗДІ ТОЛЫҚ ЕНГІЗБЕСЕҢІЗ (олимпиадаға қатысушының толық аты-жөні, ҚАЛА, АУЫЛ, МЕКТЕП НӨМІРІ, жетекшінің АТЫ-ЖӨНІ), ЖҮЛДЕЛІ ОРЫН АЛҒАН ЖАҒДАЙДА СІЗГЕ РАСТАУ ҚҰЖАТЫН БЕРЕ АЛМАЙМЫЗ!**

## 2. Өзіңіздің қатысатын олимпиада курс бетіне қалай жазылу керек

1. **01.04.2023 -09.04.2023** аралығында http://md.ksu.edu.kz/ порталына кіріп, жоғарғы оң жақ бұрыштағы «Вход» түймесін басып, Логин мен Парольді енгізіңіз.
2. Экранның сол жағындағы Категории курсов бөлімінде **Дистанционные олимпиады и конкурсы – Дистанционные олимпиады 2023** сілтемесін басып және ашылған тізімнен қатысқыңыз келетін олимпиаданы таңдаңыз.




3. Өздігінен жазу терезесі ашылады. «Записаться на курс» түймесін басыңыз



4. Барлығын дұрыс орындасаңыз, олимпиада беті ашылады. Материалдармен, әсіресе олимпиада бағдарламасымен алдын ала танысыңыз

**Порталға тіркелу және олимпиадаға тіркелу туралы сұрақтарыңыз болса, онда тел. 8-7142-51-16-44, сот. 8-747-308-29-44 хабарласыңыз**

Олимпиада бағдарламалары осы нұсқаулықпен бірге жіберіледі, сонымен қатар біздің порталдағы қашықтықтан олимпиадаларының курстарында орналастырылады.

***Сізге сәттілік тілейміз және А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ сізді студенттер қатарында көруге қуаныштымыз***

## Логин немесе құпия сөзді (парольді) ұмытып қалсаңыз не істеу керек

1. Егер сіз біздің порталда тіркелген болсаңыз, бірақ Логин немесе парольді ұмытып қалсаңыз, http://md.ksu.edu.kz/ порталына өтіп, жоғарғы оң жақ бұрыштағы «Вход» түймесін басыңыз.




2. Төменгі жақта орналасқан «Забыли логин или пароль» сілтемесін басыңыз

3. Ашылған терезеге өзіңіздің e-mail (тіркеу кезінде енгізген электрондық адрес) немесе Логин енгізіңіз. Кем дегенде, біреуі есіңізде болу керек.

5. e-mail поштаңызға электорндық хат жіберіледі. Онда құпия сөзді (пароль) өзгерту процедурасын аяқтауға арналған қарапайым нұсқаулар бар. Егер электронды поштаңызға хат келмесе, онда бірден 8- 747-308-29-44 нөміріне келесі хабарламаны жіберіңіз: Сәлеметсіз бе! Мен (аты жөніңізді толығымен жазыңыз), маған СДО Moodle логин мен пароль беріңізші.